

3

Тектілік дарыған тұлға



4

«Ақмешіт» Алматыдан олжалы оралды



Сыр бойы

№71 (20947) 13 мамыр, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

f www.facebook.com/syrboyi.kz

i www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

X twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ӨЗАРА СЕНІМ, ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ОРТАҚ ИГІЛІККЕ БІРГЕ ҰМТЫЛУ



«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Даби́дің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды саптанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ылтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды. Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-нің елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құттады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

2-бет

/// ӨНІР ӨНІМІ

ШАРУАШЫЛЫҚҚА ҚАЖЕТТІ ҰНТАҚТАР АРАЛДА ӨНДІРІЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында «Ase Invest» тұрмысқа қажетті ұнтақтар өндіретін зауыттың ашылу рәсімі өтті.

Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа зауыттың ашылуымен құттықтап, аймақтың кәсіпкерлік саласының жаңашылдықтарына тоқталды.



2-бет

/// ӨНІРДІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ АСПАЛЫ КӨПІР КЕПТЕЛІС МӘСЕЛЕСІН ШЕШТІ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайбергелі Саржанов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

2-бет



«СЫР ЖҮЛДЫЗДАРЫ» АКАДЕМИЯСЫ АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ӨТКІЗДІ

Жақында Қызылорда қаласында «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы ашылды. Балалар мен жасөспірімдердің болашағына бағыт-бағдар беретін орталықта екі күн бойы ашық есік күні өтті. Оған 2000-нан астам адам келді.

Заманауи құрал-жабдықтармен жаратқалған орталық әр баланың қабілетін ашып, білім мен ғылымды үйренуіне мол мүмкіндік береді. Ашық есік күні аясында академияның директоры міндетін атқарушы Алтынқұл Төлегенова ата-аналар мен оқушыларға әр кабинетті таныстырып шықты. Келушілердің үйірмеден не үйрене алатынын, неше жастан қабылдайтыны туралы кеңінен айтып берді. Сондай-ақ үйірге жазылу туралы ақпаратты әлеуметтік желі арқылы бақылап отыру керектігін де жеткізді.

2-бет



Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

БАСПАСӨЗ – 2025

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы
жекекелер үшін:
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін:
6 айға – 5000 теңге

/// САРАП

ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК: ҚАУІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

Роза Башарова еңбек жолын қалалық балалар ауруханасында бастап, одан кейін №5 емханада аймақтық мейірбике болып жұмыс істейді. 2015 жылы осы емхананың емдеп-қадағалау кабинетіне ауыстырылып, онда химизатор болады. Он жылдай туберкулезбен ауыратын науқастарды бақылап, қадағалап олармен тікелей жұмыс істеуіне тура келді. 57 жасында зиянды еңбек өткені үшін арнаулы әлеуметтік төлемге ие болды.

– Негізгі мамандығым – мейірбике. Бірақ көп жыл зиянды еңбекте жұмыс істедім. Өкпе ауруына шалдыққан науқастармен тікелей байланыста болып, олардың денсаулығын бақылап отыру міндетім еді. Мекеменің қадір бөлімі әлеуметтік төлем алуға болатынын айтып түсіндірді. Өткен жылдың сәуір айынан бастап осы көмекке іліктім, – дейді ол.

Дерекке жүгінсек, елімізде Роза апай секілді 470 мыңнан астам адам зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеп жүр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 16,6 пайызға көп.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеген қызметкерлерді әлеуметтік қолдау үшін арнайы төлем енгізілді. Оны алу үшін 55 жасқа толуы және кемінде жеті жыл бойы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленуі қажет. Бүгінгі таңда 14 мыңнан астам қызметкер зиянды еңбек жағдайындағы жұмысын тоқтатып, арнайы төлем алууда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегі бойынша, Қазақстан кәсіпорындарында жыл сайын 1400-ден астам жазатайым оқиға тіркеледі, оның ішінде шамамен 200 оқиға адам өлімімен аяқталады. Ең көп жазатайым оқиға тіркелетін салалар – тау-кен металлургия кешені (15,3%) және құрылыс саласы (12%).

ӨНДІРІСТЕ АДАМ ӨЛІМІ АЗАЙМАЙ ТҰР

Өткен жылдың қорытындысы бойынша құқық қорғау органдарына 1042 жазатайым оқиға туралы материал жолданып, олардың негізінде 215 қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар, елімізде 7,7 мыңнан астам өндірістік нысан аттестациядан өтті. Биылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша 1940 адамға арнаулы әлеуметтік төлем тағайындалды. Оған 1957 адам өтініш білдірген. Министрліктің баспасөз қызметінің айтуынша, екі көзден төленетін арнаулы әлеуметтік төлемге (республикалық бюджет және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) 128 адам жүгіссе, оның 127-не арнаулы әлеуметтік төлем тағайындалды.

Төрт қаржыландыру көзінен берілетін АӨТ (республикалық бюджет, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, жұмыс беруші және өмірді сақтандыру ұйымы) тағайындауға 1829 адам өтініш білдіріп, оның 1813-не тағайындалған. Алайда міндетті шартқа сәйкес келмегендерге төлем берілмейді.

Өңірлер бөлінісінде арнаулы әлеуметтік төлемге өтініш білдіргендердің ең көбі Қарағанды (2 көзден 17 адам, 4 көзден 217 адам), Шығыс Қазақстан (2 көзден 16 адам, 4 көзден 180 адам) және Қостанай (2 көзден 2 адам, 4 көзден 180 адам) облыстарында тіркелген.

2-бет



Фото: Ашық дереккөзден

Валюта бағамы: \$ 516,01 kzt € 582,47 kzt ₸ 6,26 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +36° 🌙 +18° Сәрсенбі ☀️ +38° 🌙 +19°

ӨЗАРА СЕНІМ, ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ОРТАҚ ИГІЛІККЕ БІРГЕ ҰМТЫЛУ

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді.

Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кен ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, бүгін қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаянның келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті. Құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаян елордадағы шейх Халиф бен Зайд Әл Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейді аралап көрді.

Мәртебелі меймандарға қазіргі кезде оқу ошағында 2800 бала білім алып, 159 педагог еңбек ететіні жөнінде ақпарат берілді. Биылғы оқу жылында «Цифрлы мектеп» жобасы дайындалып, жаратылыстану және математика пәндері 7 бағытта, атап айтқанда, IT, STEM, FAB, LAB, роботтық техника, қолданбалы математика, биоинженерия, математикалық модельдеу, биохимия салаларына бөліп оқытылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаян араб тілі кабинетін көрді. Мектеп оқушылары араб тілі мен әдебиетін меңгеруде жеткен жетістіктерін танытты. Сондай-ақ оқушылар Қазақстан Президенті мен Абу Дабидің Тақ мұрагеріне мектеп музейін таныстырды. Онда екі елдің ынтымақтастығы мен достығына арналған көрме ұйымдастырылған. Экспозицияға ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі араб әлемі жөнінде сыр шеретін кітаптар, ұлттық киім үлгілері мен тарихи жәдігерлер қойылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды. Мәртебелі меймандар Қаржы орталығының жетістіктерін танысты. Сондай-ақ АХКО Соты, Қаржы қызметін реттеу комитеті, биржа және Халықаралық төрелік орталығының ерекшеліктері көрсетілді.

АХКО басқарушысы Ренат Бектуров Қазақстан Президенті мен Абу Дабидің Тақ мұрагеріне инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері жөнінде мәлімет берді.

Бүгінгі таңда Біріккен Араб Әмірліктерінде 46 компаниясы АХКО резиденті ретінде тіркелген. Олар қаржы және сақтандыру, ақпараттық-коммуникациялық

1-бет

технология, сауда, көлік, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі секілді түрлі салада қызмет етеді.

Бұдан бөлек, Қазақстан мен БАӘ капитал нарығы арасында байланыс нығайып келеді. Мәселен, биыл 7 мамырда Nasdaq Dubai және Astana International Exchange (AIX) биржалары орталық депозитарийлерінің арасында тікелей байланыс орнағанын жариялады. Былтыр AIX Абу Даби биржасы (ADX) құрған Tabadul цифрлық биржа хабына қосылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаян «Қазақстан – БАӘ» бизнес-форумының жабылу салтанатына қатысты.

Президенттің айтуынша, келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін рас-тады. Бүгін қол қойылған құжаттардың жалпы сомасы 5 миллиард долларға жуық. Бұл экономиканың негізгі секторларын қамтитын коммерциялық келісімдер серіктестік аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған уағдаластықтардың толық жүзеге асырылуына екі елдің бизнес және корпоративтік сектор өкілдері елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

Біріккен Араб Әмірліктері – еліміздің Шығанақ аймағындағы жетекші сауда және инвестициялық серіктесі. Бүгінге дейін экономикамызға 4,3 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. БАӘ-нің 2031 жылға дейінгі даму стратегиясы біздің инновация, өнеркәсіпті дамыту және әртарап-тандыру бағытындағы ұлттық басымдықтарымызбен үндеседі. Сондықтан біз серіктестерімізге қолайлы жағдай жасауға ниеттіміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің бизнес қауымдастығы өкілдеріне Қазақстанда ЭЫДҰ халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сай жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жөнінде айтты. Осы арада шет-елдік инвесторларға, соның ішінде БАӘ компанияларына жүйелі әрі желел көмек беру үшін құрылған Инвестиция тарту жөніндегі кеңес жұмысы туралы мәлімет берді.

– Энергетика, логистика, қаржы, интеллектуалды технологиялар, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа түрлі салада ынтымақтастығымызды кеңейтуге мүмкіндік мол. Masdar, Presight, Abu Dhabi Ports, Terminal Holdings және Abu Dhabi Commercial Bank секілді серіктестерімізбен бірге жүзеге асырып жатқан маңызды жобалар өзара ықпалдастықтың қарқын ала түскеніне айқын дәлел. Осы және басқа да бастамалар екіжақты қарым-қатынастың дәйекті әрі тиімді дамып келе жатқанын көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бизнес форум аясында цифрлық технология дамуына, қаржы, урбанистика және «жасыл» экономика салаларындағы заманауи трендтерге арналған тақырыптық сессиялар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар екі елдің бизнес өкілдері B2B форматында кездесулер өткізді.

Форумға Әмірліктерден Абу Даби Экономикалық даму департаментінің, БАӘ сауда-өнеркәсіп палаталарының, сондай-ақ Masdar, AMEA Power, Abu Dhabi Ports Group және тағы да басқа ірі компаниялардың өкілдері қатысты.

ШАРУАШЫЛЫҚҚА ҚАЖЕТТІ ҰНТАҚТАР АРАЛДА ӨНДІРІЛЕДІ



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз» деген болатын. Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден 206 млрд теңге тартылып, 16 мың 700 жоба қаржыландырылды. Оның 40 млрд 931 млн теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты. Бүгін «Ase Invest» серіктестігі іске қосатын зауытта шаруашылыққа қажетті ұнтақтар шығарылмақ. Жана зауыт құтты, жұмыстарыңыз сәтті, табысты болғай! – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев пен Мұрат Әбенов құттықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар, жаңашыл бастамаға ұйытқы болған компания өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, зауыт тәулігіне 22 тонна өнім өндіреді. Шығарылған өнімнің 50 пайызы экспортқа бағытталмақ. Жобаның екінші кезеңінде кәсіпорын ылғал майлықтар өндірісін жолға қоюды жоспарлаған. Цех жыл соңына дейін іске қосылады. Жана кәсіпорын 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

1-бет

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ АСПАЛЫ КӨПІР КЕПТЕЛІС МӘСЕЛЕСІН ШЕШТІ

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және жана көпірдің ашылуымен құттықтады.

– Бүгінгі мерейлі мерекеле құны 3 млрд 140 млн теңге, ұзындығы 940 метр болатын аспалы көпірді салтанатты түрде ашып, ел игілігіне табыстаймыз.

Бұл – аралдық ағайынның көптен күткен арманы! Бұрын пойыз өткенде теміржолдың екі бетіндегі көліктер кептелісте сағаттап күтетін. Жергілікті тұрғындардың ұзақ жылдан бері қордаланған басты мәселесінің оң шешім табуы – біз үшін үлкен жетістік әрі мақтаныш. Аспалы көпірге жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарықшамдар орнатылды.

Жана көпір – Аралдың болашағына жол ашатын, ел игілігіне қызмет ететін алтын көпірге айналсын! Баршанызға амандық, жасампаз істерімізге толағай табыс тілеймін! – деді Нұрлыбек Мамбеқұлы.

1-бет

Рәсімде Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов бастын берді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ

аспалы көпірді салған мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, Арал ауданы кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 10,1 млрд теңге болса, бүгінде 22 млрд теңгеден асты. Үш жыл ішінде 80 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды.



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«СЫР ЖҮЛДЫЗДАРЫ» АКАДЕМИЯСЫ АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ӨТКІЗДІ

Шығармашылық-инновациялық академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Ғимарат үш қабатты, 37 кабинет, бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы да бар. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары заман талабына сай.

Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

1-бет

Балалардың көпшілігі құмыра жасау үйірмесіне қызығушылық танытты. Үйірме жетекшісі Ескендір Серманов жана кабинет заман талабына сай екенін жеткізді.

– Құмыра жасауға көбіне кішкентай балалар қызығады. Бұл – көне өнер. Қиындығы да бар. Тез үйреніп кете алмайды. Бүгінгі балалар бәрін тез үйренгісі келіп тұрады. Сазбен жұмыс істеуге шыдамдылық керек. Үйірме оқушылардың қол моторикасын дамытады, есте сақтау қабілетін арттыруға да септігін тигізеді. Бұрын «Оқушылар сарайында» құмыра жасау үйірмесін аштым. Онда 30-дан астам балаға үйреттім. Екі станок ғана болды. Жана орталықта мұндай станоктың бірнеше түрі бар. Көптіру құрылғыларымен қоса, барлық жағдай қарастырылған. Үйірмеге 15 бала қабылданады, аптасына екі рет келеді, – дейді ол.

Шараға қатысқан ата-аналар барлық үйірме

кабинеттерін аралап, жетекшілерден толық ақпарат алды. Баласының қызығушылығына байланысты үйірме таңдады. Солардың бірі қала тұрғыны Эльмира Зейдуллаева ашық есік күніне баласын ерте келіпті.

– Балам бұрын үйірмеге барған емес. Жеке үйірмелер ақылы болды. Осы орталық ашылғанда қуандым. Ғимаратты толық аралап шықтым. Бәрі керемет. Бала үшін барлық мүмкіндік бар. Өзінің домбыраға қызығушылығы болатын. Енді алдағы күндері жазылу басталғанда тіркелетін болып шештік. Үйірме жетекшісімен сөйлесіп, аптасына неше рет болатынын білдім, – дейді ол.

Сонымен қатар келушілер шеберлік сабақтарына қатысты.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК: ҚАУІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

– ҚР Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыс берушілер кәсіптері мен қызмет түрлері еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесіне енгізілген жұмыскерлер үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударады, олардың 2,3 мыңнан астам позициясы бар. Осылайша, арнаулы әлеуметтік төлемді экономиканың 17 саласында, оның ішінде тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде, өзге де салаларда жұмыс істейтін қазақстандықтар ала алады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік төлем 13 568 адамға, оның ішінде 2 көзден 3 093, 4 көзден 10 475 алушыға тағайындалды. Төлемнің орташа мөлшері 208 мың теңгеден асты, – дейді министр Светлана Жакыпова.

Өкінішке қарай, өндірістегі адамдардың жаракаттануы мен өлімі әлі де азаймай отыр. Ұлытау облысындағы «Жомарт» кенішінде болған қайғылы жағдай соған дәлел. Әсіресе, 2021-2023 жылдары жазатынны оқиғалардың саны арған. Олардың 80 пайыздан астамы ірі және орта өнеркәсіп орындарында

болған. Төтенше оқиғалардың 44 пайызы Қарағанды, Ұлытау және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі.

ОБЛЫСТА 550 АДАМ ТӨЛЕМ АЛАДЫ

Жалпы арнаулы әлеуметтік төлемді кімдер алуы тиіс? Облыс бойынша қанша адамға тағайындалған? Осы сауалдарды Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Бекболат Шәріпбековке қойған едік. Айтуынша, төлемдердің мөлшері жыл сайын екі төменгі күнкіріс деңгейінің өсуімен индекстеледі. Ол зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін төленеді, содан кейін жасына байланысты зейнетақы, базалық және жинақтаушы зейнетақы төлемдері тағайындалғаннан кейін тоқтатылады.




Фото: Ашық дереккөзден

1-бет

– Арнаулы әлеуметтік төлемдер – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерді қорғау құралдарының бірі. Сондықтан, төлем алушы еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен айналыса алмайды. Егер төлем алушы еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарға қайта орналасса, онда барлық көздерден автоматты түрде тоқтатылады. Облыс бойынша 2025 жылдың сәуіріне дейін барлығы 550 адамға (оның 459-на қаржыландыру 4 көзден, 91-не 2 көзден) арнаулы әлеуметтік төлем тағайындалып, берілуде, – деді ол.

Сонымен қатар департамент қызметкерлері облыстық бақылау жөніндегі басқармасы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының облыстық филиалы, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының облыстық филиалы және мемлекеттік аннуитеттік компания филиалы өкілдерінің қатысуымен

арнаулы әлеуметтік төлем туралы облыстағы кәсіпорын ұжымдарымен кездесіп, ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтар болсақ, өткен жылы «РУ-6» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС, «СКЗ-У» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС, «Аралтұз» АҚ, «Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК, «Сырдария аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК, облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық мекемелер, «Торғай-Петролеум» АҚ, «Ақша-бұлақ» кен орнындағы «ҚазГермұнай» БҚ» ЖШС секілді тағы басқа бірнеше еңбек ұжымдармен кездескен.

Ал биыл І тоқсанда прокуратура органдары, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің облыс бойынша департаменті және мемлекеттік аннуитеттік компанияның облыс бойынша филиалы өкілдерінің қатысуымен ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

